

Меңгеруші жанындағы жиналыстың №1 хаттамасы

Қатысқандар: 12

02.09.2022 ж

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.
2. Білім күнін атап өту.
3. Балабақшаның жалпы ата аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту.
4. Тіл мерекесін ұйымдастыру.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөйледі. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сөжеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафтар, түбектер, сүлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

Тыңдалды: М.Ахмедиева Білім күнін атап өту. Мақсаты: 1 қыркүйек - Білім күнін, 30 тамыз - Ата Заң күнін атап өту, маңызын түсіндіру. Мерекені сезіндіру. арнайы әндер, тақпақтар үйрету. Отаншылдыққа тәрбиелеу.

Сахна мәдениетіне баулу. Көңілді орта қалыптастыру.

Топ тәрбиешілері ертеңгілік жасап өтуі туралы айтылып өтті және жауапкершілік әдіскерге жүктеді.

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыс жасауға дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі **М.Ахмедиева сөз алды.**

Ата-аналармен жиналыс онлайн түрде болады. Әр топ өз тәрбиешілері арнайы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін.. Ата-аналар сабақ барысында, баланың сабақты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұрақтарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп отыруы тиіс.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі. **Тыңдалды:** Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева өз сөзінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы

жобасымен таныстырды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу. Апталыққа оқу қызметі, ертегі кештерін өткізуді ұсынды. Осыған орай 14-22 қыркүйек аралығында тіл апталығын онлайн арқылы атап өту жоспары бар, өз ойларыңыз, жоспарларыңыз туралы айтуларыңызды, пікір алмасуларыңызға шақырамын деді. Меңгеруші келісім берді. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша тәрбиеші Г.Шылгаубаева сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға онлайн арқылы көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін ватсап желісі арқылы жіберіп, көрме ұйымдастырсақ деп өтіндік. Бағдарламамен таныстырылып, бекітілді. Жауапты етіп балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева және топ тәрбиешілеріне тапсырылды.

Шешім:

1. Жаңа оқу жылына оқу құралдар толықтырылсын
2. Қыркүйектің 14-18 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
3. Қазан айының 12-15 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін. Жауаптылар: тәрбиешілер.
4. Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айының 13 жұлдызында арнайы чат ашылсын.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



М.Ахмедиева
Г.Санаева

№2 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Қатысқандар: 11

03.10.2022ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Оқу процесіне басшылықпен бақылау.
3. Балабақшаның санитарлық гигиеналық жағдайы мен күн тәртібінің сақталуы туралы «Тіл апталығын» мерекесін талқылау.
4. «Алтын күз» мерекесін қашықтықтан өтізу.

Тыңдалды : Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары М.Ахмедиева тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді.

«Ақбота» ересектер тобының «Ана тілім-асыл қазынам» ашық тәрбие сағаты онлайн өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, ватсап арқылы сабаққа қосылып, берілген сұрақтарға, тапсырмаларға белсенді қатысып отырды.

Тәрбиеші ортаңғы тобында «Тіл халық қазынасы» ашық оқу қызметі талапқа сай дайындалған. Көрнекі құралдар алдын ала дайындалған. Топтан 20 бала қатысып отырды. Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.

Меңгеруші келісім берді.

Сөйледі : Балабақша тәрбиешілері «Алтын күз» мерекесі жайлы айтып өтті. —Әрине бізге оңай болған жоқ, әлеуметтік желіде іс-шара өту өте қиын. Дегенмен де ата-аналарға рахмет, бізбен кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындады. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен жемістерден түрлі заттар жасап, ватсапқа салып отырды. Балалар күз туралы әнді жаттап айтып берді.

Тыңдалды: келесі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөйледі. Балабақшаның кестесі жоспарындағы «бақылау мен басқару» кестесі бойынша ересек пен ортаңғы тобында өткізілген. «Күн тәртібінің жұмыстарының жүргізілу жағдайын бақылау» тексерудің қортындысымен таныстырып өтті.

Тыңдалды: Жыл мезгілдеріне байланысты картотекалар көрмесі ұйымдастырылды. Көрмені бағалау мен қорытындылауда балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды.: Бала әлеуметке, көпшілікке, қоғамға

ене отырып, өзіне өте көп мағлұматтар алады.Ұйымдастырылған оқу қызметтен бөлек серуен кезінде де, еңбек, бақылау, ойын кезінде де жан-жақты дамиды.Біз әр серуенге тақырыптар, бақылау, ойындарды ауа райына, жыл мезгілдері құбылыстарына байланыстыра отырып жоспарлап өткіземіз. Алдын ала картотекалар дайындалады, мазмұны мақсаты қызықты жоспарлануы тиіс.

Картотекалар:

«Балапан» кіші жас тобында тәрбиешілер «Күз», «Қыс»жыл мезгілдеріне арналған, бақылау, ойын, еңбек, жеке жұмыс жыл мезгіліне сай алынған, тек жас ерекшелігіне сай болуы тиіс.Жаз, көктем мезгілдеріне де жасап қоюы тиіс.

«Ақбота» ересек тобында тәрбиешілер- -«Күз», «Қыс» тақырыбындағы картотекалар,түрлі-түсті сапалы жасалған. Бақылауда ауа райы, жаңбырдың, сарғайған жапырақтар, астық жинау суреттері бейнеленген және қардағы іздер, қардан жасалған мүсіндер, құстардың қысқы тіршілігі жоспарланған.

Ұсыныстар:Көктем, жаз картотекаларын дайындау.

«Айгөлек» кіші тобының тәрбиешілері –«Көктем», «Қыс» мезгілдеріне арнап картотекалар жасаған. Сандары аз, толықтыру қажет.

Ұсыныстар: Ауа райының жайын белгілейтін күнтізбе жасау.

Көрмеге орта деген бағамен бағаланды. Алдағы уақытта айтылған кемшіліктер толықтырылсын.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева

Алтын күз мерекесін қашықтықтан өткізуге ватсап желісі арқылы ұйымдастылсын.

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: меңгеруші
2. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп , мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер

Шешім:

1. Оқу процесіне бақылауды күшейту: Тәрбиешілер топтардағы оқу қызметінің сапасына баса назар аударып, балалардың танымдық, дамытушылық әрекеттерін жандандыруға бағытталған іс-шараларды жетілдіру қажет.
2. Санитарлық-гигиеналық талаптарды қатаң сақтау: Балабақшада санитарлық нормалардың толық орындалуын қадағалау және балалардың денсаулығын сақтау мақсатында күн тәртібінің талаптарын жүйелі бақылау.
3. Мерекелік іс-шаралардың сапасын арттыру:Тіл апталығы» және «Алтын күз» мерекелерін ұйымдастыру барысында тәрбиешілердің креативтілік танытып, ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізуі маңызды.

4. Кері байланыс жүйесін жетілдіру: Ата-аналармен тығыз байланыс орнату, берілген тапсырмалардың орындалуын бақылау және әр іс-шара бойынша кері байланыс жүргізуді жүйелі түрде іске асыру.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

№ 3 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

23.01. 2023ж

Жиналғандар саны -23

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні»мерекелерін өткізу.
- 3.Балабақшада Құқықтық тәрбиенің жүзеге асуы.
- 4.Аралық маниторинг.Топтың бағдарламаны игеру деңгейі.
5. 8-Наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» ертеңгіліктерін іс-шара жоспарын бекіту.

Тыңдалды : Өткен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушіс М.Ахмедиева тоқталып өтті.Тәрбиешілер толықтыруда.

Тыңдалды: «Ақбота» ересектер тобының тәрбиешісі Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өткізсін қызықты етіп өтсін, балалар белсене қатысуын ықпал жасасын. Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп мағлұмат беріп.Тәуелсіздік сөзінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстырсын.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева құқықтық білімдерін тексере отырып, жауапкершілікті арттыру, алдына мақсат қоя білуге баулу. ойлау, тындау, сөйлеу мәдениетін дамыту, сөздік қорларын молайту. Конституцияны, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева балабақшаның Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті.

Үлгілік оқу бағдарламасының 1 тоқсанға арналған нәтижелерін меңгеру деңгейі орташа, жас ерекшелігіне сай талап, мақсат міндеттер жоспарланған.Жоспар бойынша оқу тәрбие үдерісін жүргізуді тапсырды.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева топтардың шығармашылық саласы бойынша жұмыстардың жүргізілуіне тоқтап өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесіне 5 білім саласының мазмұны кіреді:

Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта.

Шығармашылық білім беру саласының мақсаты:

— мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік —эмоционалдық ортасы

мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музыка.

Шығармашылық білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық ,классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады.Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады.Музыка сабағында ырғақты музыкаға билеп, би қозғалыстарын орындайды. Ендігі жоспарда қабырғаларға айна ілу, балалар билегенде өз қимылдарын көріп , биге тез үйренеді. Әрбір тәрбиеші сабақтан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Іс-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу балаларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді.Балалардың қызығушылығы мен қабілеті әр түрлі. Сондықтан балабақшада балаларға арналған арнайы үйірмелер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдай түсуге болады. Үйірме жұмыстары ерікті түрде болатындықтан балалардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмыстары тәрбиешіге әр түрлі сабақтар өткізуге балалардың шығармашылық жұмысқа сүйіспеншілігін арттырып жұмысты орындауға қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Үйірме жұмысы балалармен күннің екінші жартысында вариативтік бөлімде өткізіледі. Вариативтік бөлімді әрбір жас тобына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы кестесіне енгізу қажет.2 – 3 жас аралығындағы сурет салуға деген қызығушылық туады. Шығармашылықпен жұмыс жасау тәрбиелеу барысында өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеуді тапсыру керек. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығының бірінші белгісі қоршаған орта заттары мен объектісімен таныстыруда тәрбиеші оның негізгі пішініне, салыстыруға, ұқсастығын ажыратуға үйретіледі. Сол себептен бала бір заттың түрліше пішінін суретін салуда, мүсіндеуде және жапсыруда басқаша бейнелеудің амалын меңгереді. Балалар еркін түрде сурет салуда, басқа заттың ұқсас пішінін беруде қолданады. Сурет салуда түзу, қисық,үзік, жіңішке, қалың сызықтың түрлі амалын бала өзінің ойымен заттар мен құбылыстардың бейнесін беруде пайдаланады. Бала сурет салуда бейнелеу іс-әрекеті арқылы жас ерекшелігіне сай, қоршаған ортаны өзінің бейнелеу тәсілдерімен суреттеуге талпынады. Бейнелеу өнерінен ортаңғы топтан бастап вариатив сабақтарды ұйымдастырылуда. Сонымен қатар әдемілік, әсемдік туралы әңгімелеп, оқыту, тәрбие жұмыстарында ойын тәсілдерін қолданылып жатыр.Қорыта келе, қазіргі заман талабына орай мектепке дейінгі мекемеде баланың жас ерекшелігін

ескере отырып, оны шығармашылыққа баулып, бар мүмкіндіктерін аша отырып, қиялын, ой-өрісін дамытуды басты жолға қоя білу керек.

4.Аралық мониторинг.Топтың бағдарламаны игеру деңгейі бойынша әдіскер М.Ахмедиева сөз алды. Әр топ жас ерекшелігіне орай бастапқыда игерілмеген дағдына өзгеру көрсеткіші деңгейін бақылау Мониторингті ұйымдастыру.Мониторинг жоспарға сәйкес аралық кезеңде жүргізілді.Тексеру әдістері: бақылау, жеке тапсырмалар орындату, дидактикалық ойындар және тест тапсырмалары.Бағалау критерийлері:1. Танымдық дағдылар (санау, түстерді ажырату, пішіндермен жұмыс).2. Сөйлеу дағдылары (сөздік қоры, әңгімелеу қабілеті).3. Қоршаған ортамен танысу (табиғатты білу, жыл мезгілдерін тану).4.

Ұсақ моторика және шығармашылық дағдылар (сурет салу, жапсыру, құрастыру).Мониторинг жоспарға сәйкес жүргізілді. Бағалау барысында балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық және ұсақ моторика дағдылары тексерілді. Әдістер ретінде бақылау, тапсырмалар орындату, дидактикалық ойындар қолданылды.Нәтижелер:Кіші топ:Бағдарламаны игеру деңгейі орташа есеппен 65-70% құрады.Балалар түстерді ажырату, пішіндерді тану және санау бойынша жақсы нәтижелер көрсетті.Қиындықтар: Сөздік қорды дамытуда, сөйлем құрау дағдыларында қиындықтар байқалды.Ортаңғы топ:Бағдарламаны игеру деңгейі 70-75%.Балалар табиғатпен танысу, сөйлеу қабілеттері бағытында жақсы нәтиже көрсетті.Қиындықтар: Ұсақ моторикамен байланысты тапсырмаларды орындау кезінде баяулық байқалды.Ересек топ Бағдарламаны игеру деңгейі 70-75%.Балалар әңгіме құрау, өз ойын жеткізу, шығармашылық тапсырмалар бойынша жоғары нәтиже көрсетті.Қиындықтар: Математикалық ұғымдарды (қосу-азайту) меңгеруде кейбір балалар қосымша қолдауды қажет етеді.Жалпы қорытынды:Мониторинг нәтижесінде балалардың оқу бағдарламасын игеру деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды. Дегенмен кейбір бағыттар бойынша жетілдіруді қажет ететін тұстар анықталды.Кіші топта тіл дамыту жұмыстарына ерекше көңіл бөлу қажет.Ортаңғы топта ұсақ моторикамен жұмыс күшейтілуі тиіс.Ересек топта математикалық ұғымдарды меңгеруге арналған тапсырмаларды көбейту ұсынылады.Балабақша тәрбиешілері балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес қосымша жұмыстар жүргізіп, әр бағыт бойынша жетістіктерді арттыруға назар аударуы қажет. Оқу-тәрбие процесінде ойын әдістерін тиімді пайдалану және ата-аналармен бірлесе жұмыс істеу маңызды.Жауапты тұлғалар:Меңгеруші. М.Ахмедиева мен тәрбиешілерге балалардың білім деңгейін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылды.

5. 8-Наурыз аналар, «Ұлыстың ұлы күні-Наурыз» ертеңгіліктерін іс-шара жоспарын бекіту.

Мақсаты: Балалардың аналар мен әжелерге деген құрметін арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Жауаптылар: Тәрбиешілер

Мақсаты: Балаларға қазақ халқының ұлттық дәстүрлері мен мәдениетін таныстыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

1. 8 Наурыз және 22 Наурыз мерекелеріне арналған ертеңгіліктердің жоспарлары бекітілсін.
2. Тәрбиешілер мен жауапты тұлғалар ертеңгіліктерді жоғары деңгейде өткізу үшін дайындық жұмыстарын жүргізсін.
3. Балалардың қатысуы толық қамтамасыз етіліп, ата-аналарға ертеңгіліктер туралы ақпарат берілсін

Шешім:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
2. Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
3. Балабақшада Құқықтық тәрбиенің жүзеге асырылсын.
4. Мониторинг жүргізілсін.
5. Наурыз және 22 Наурыз мерекелеріне арналған ертеңгіліктердің жоспарлары бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

№4 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Жиналғандар саны -12

27.03.2023ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелерін талдау.
3. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандыру.
4. Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау.
5. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде инфекцияның алдын алу.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде меңгеруші М.Ахмедиева сөйледі.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, әдіскер өткен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында «Денсаулық» білім саласы бойынша Вариативтік компонент – мектепке дейінгі ұйымдардың тақырыптық бағыты бойынша жұмыс, эксперимент жұмысы, педагогтердің шығармашылық жұмыстары, дарынды балалармен жұмыс, ұйымдастырылған оқу қызметтерінен тыс балалардың қызығушылығы бойынша жұмыс болып табылады. Сурет салудан вариативтік сабағы ортаңғы топқа қойылған. Мектепке дейінгі кезеңде баланың толыққанды өмір сүруі үшін, тек оған білімді меңгертіп қана қоймай, өздігінен ізденуге, шығармашылықпен ойлай білуге үйрету маңызды. Вариативтік компонент оқыту барысында дамыта оқыту қағидаларын жүзеге асырады. белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Сөйледі : Балабақаша тәрбиешілері 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Ақбота» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариймен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, таңдалынып алынған. Мереке онлайн арнайы ата-аналар чатында өткізілмек. Балаларға үйге тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай такпақтар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр жоспарланып отыр. Тәрбиеші апайларға берілді. Қатысатын балдарды іріктеп, дайындық жасаймыз,-деп аяқтады.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша меңгеруші М.Ахмедиева сөйледі.

Қазіргі жағдайда балалардың дербес әрекетін белсендіруге көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Біз балалардың білімге деген қызығушылығы мен қажеттілігіне мониторинг жүргізіп, тәрбиешілер, психолог, әдіскер өткен кезеңге балаларды диагностикалық тексерудің нәтижелерінде күннің екінші жартысында денсаулық білім саласы бойынша вариативті компонентке белгілі өз мүмкіндіктері бар,-деп әрқайсына жеке тоқталып өтті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева үшінші мәселе бойынша айтып өтті. Балабақшаның көгалдандыру жұмыстарына өте қатты мән беруіміз және айналамыздың жарқырап көгалдану жолына жасалған еңбек бүлдіршіндерімізге шектеусіз болу керек екенін айта кетті.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлау.

«Ақбота» ересек тобы «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарыс 05 сәуірде өткізілсін. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерді қатыстыра флешмоб өткізілетінін айтып өтті. Керекті құралдарды талапқа сай дайындауды, музыкамен және балаларды «с» витаминімен қамтамасыз етуді балабақша медбикесіне жүктеуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келісті.

Тыңдалды: балабақша медбикесі: Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде инфекцияның алдын алу.

Вирус құрамында вирусы бар тамшылар арқылы жөтелу немесе түшкіру кезінде, сондай-ақ көзге, мұрынға немесе ауызға түсуі арқылы таралады. Вирусты тамшылар бетке және заттарға түсіп, содан кейін көзге, мұрынға немесе ауызға түсіп, келесі жанасқан адамды жұқтыруы мүмкін. Вирус заттардың бетіне түсіп, бірнеше сағат бойы өмір сүруге қабілетті. Болат беттерде және пластикте ол 2-3 күнге дейін сақталуы мүмкін.^[5] Зерттеудің бірінде отбасы ішіндегі ауру жағдайы туралы хабарланады, онда екі отбасы мүшелерінде рентген суреттерінде қандай да бір симптомдар мен аномалиялар болмаған, бірақ жоғарғы тыныс алу жолдарының шырыш сынамасы вирустың бар екенін көрсетті. Осылайша, инфекцияның симптомсыз жағдайлары болуы мүмкін. Бірақ белгілі жағдайда инфекцияның берілу кезінде оның симптомсыз жағдайлары сынға алынуда. Егер анасында жүктіліктің үшінші триместрінде пневмония анықталған болса, нәрестелерде жатыр ішіндегі инфекцияның немесе одан кейінгі қандай да бір асқынулардың даму мүмкіндігіне дәлел жоқ[34]. Дегенмен, ағымдағы зерттеулердегі іріктеулер өте аз, ал Қытайдың Денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық комиссиясы жүкті әйелдерге, оның ішінде сауыққаннан кейін мониторинг жүргізуге, сондай-ақ сәбиді туғаннан кейін кем дегенде 14 күнге науқас анадан оқшаулауға ұсыныс берді. Вирус құрғақ және суық жағдайларда, сондай-ақ абсолюттік ылғалдылығы жоғары тропикалық жағдайларда тиімді беріледі.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
2. Топ бөлмелерін балабақша ауласын көгалдандырылсын.
3. Таңертеңгі жаттығу спорттық құралдар пайдалану және жоспарлансын.
4. Балабақшада вирустық аурулардың алдын алу оның ішінде инфекцияның алдын алынсы.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева

Г.Санаева

№ 5 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Жиналғандар саны –11

29.05.2023ж

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Мерекелерді талқылау.
3. Оқу бағдарламасының меңгеруі
4. Қош бол балақша!
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Т ы ң д а л д ы : балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Балабақшада ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті. Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» іс әрекеті сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.

Сөйледі: Балабақша әдіскері М.Ахмедиева

Жаңа жыл мерекесі, 8 наурыз –Аналар мерекесі, күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би, ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті.

Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.

2. Т ы ң д а л д ы Оқу бағдарламасының меңгеруі қанағаттанарлық.

Қош бол балақша! Атты қоштасуды Р.Әбдуәлі өз топ ата аналарымен келісімге келе отыра ынтымақтастықпен қоштасу салтанатын керемет етіп өткізу оның мадақтама алғыс хат фото альбомдарын табыстап өткізуді айта кетті.

Сөйледі: балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану

және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Шешім:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



М.Ахмедиева.

Г.Санаева

№ 6 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

Жиналғандар саны : 25

10.07.2023ж

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы..
- 2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру.
- 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.
- 5.Жаңа оқу жылына дайындық.

Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева тоқталып өтті.Ол өз сөзінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеуде көңіл бөлініп,тазалық,ұқыптылық ,көмектесу жөнінде санамақтар,тақпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық», «Қуыршақты шомылдырайық», «Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде. Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.

2.Тамақтануды және ас әзірлейтін бөліктің жұмысын ұйымдастыру медбике А.Аман

Мектеп жасына дейінгі баланың дұрыс тамақтануының негізгі ережесі, күнделікті азығының құрамы барынша сан алуан болғаны дұрыс. Бала ағзасына пайдалы дәрумендері бар: ет, балық, сүт және сүт өнімдерін, жұмыртқа, жемісжидектер мен көкөністер, қант және кондитерлік бұйымдарды, нан, дәмдідақылдар және т.б. азық-түліктерін күнделікті тамақ үлесіне қосып отырған жағдайда, баланын берік денсаулығын қамтамасыз ете аласыз. Бала ағзасының әртүрлі инфекцияларға қарсы тұруын: ет, балық, жұмыртқа, сүт, айран, ірімшіктің құрамындағы жоғары сапалы табиғи ақуыздары қамтамасыз етеді. Сондықтан осы азық-түліктерді баланың күнделікті тамақтану үрдісіне қосыңыз. Дұрыс тамақтану – өсіп келе жатқан жас ағзаның денсаулығы мен дұрыс өсуіне жағдай жасап, үнемі әсерін беретін маңызды фактор. Тамақтану ережесін ұйымдастыру Тамақтану ережесін ұйымдастырудың негізі – ұсынылған азық-түліктер жиынтығын ұстану болып табылады. Осы топқа енетін тағамдардың құрамы – мектеп жасына дейінгі балалардың физиологиялық қажеттіліктері мен калорийлік құндылығын қамтамасыз етеді. Бұл жерде ең маңыздысы – топ ішінде жағымды эмоциялық көңіл-күй мен жақсы орта қалыптастыру. Балалар үстел үстінде ыңғайлы отырып, қажетті ыдыс-аяқтармен

камтамасыз етілуі керек. Балалар тамақтануын ұйымдастырушылар, баланың үйде пайдалы тамақтануымен үйлесімін табуы керек. Үйдегі тамақтанудың, балабақшаның тамақтану үлесін толықтырып отыруына қол жеткізуі керек. Осы мақсатта, атааналар балаларының балабақшадағы күнделікті ас мәзірінен хабардар болып отырады. Балаңызды балабақшаға апарар кезде, тамақтану тәртібі мен тәбетін бұзбау үшін, үйде тамақтандырмауға кеңес береміз. Бірақ, балаңызды ертерек әкелетін болсаңыз, шай, шырын немесе жеміс беруге болады. Бейімделу кезеңіндегі тамақтану. Балалар тамағын ұйымдастыруда, ерекше назар аударатын жайт, баланың бейімделу кезеңіндегі тамақтану тәртібі. Үй тәрбиесіндегі баланың бақша тәрбиесіне өту кезеңі қашанда, анықталған психологиялық қиыншылықтармен бірге өтеді. Бала неғұрлым жас болса, соғұрлым балабақшадағы ортаға бейімделуі қиынға түседі. Осы тұста, көбінесе, баланың ұйқысы бұзылып, тәбеті төмендеп, жалпы ағзасының ауруларға қарсы тұратын қорғаныштық қабаты да әлсірейді. Бала үшін осы кезеңде, дұрыс тамақтандыруды ұйымдастырса, ол ортаға бейімделіп, ұжымға тез үйренеді. Өздігінен тамақтануға үйретілмеген балаларды тамақтандыру үшін, тәрбиешілерге, дұрыс тамақтандыру тәртібі жөнінде кеңестер беріледі. Ондай балаларды қолдан тамақтандырыңыз, егер осы кезде бала қарсылық танытса, күштеп тамақтандыруға болмайды. Осы әрекет баланың балабақшаға деген жағымсыз көзқарасын күшейте түседі (бақшада жарты күн болатындарын, үйлерінде тамақтандырсын). Баланың үйде тамақтануы. 1. Балабақшадағы қабылданған тамақтану тәртібі және тамақ қабылдауының ұзақтығы мен жиілігі жайлы ата-аналар біліп, сол ережені үйде ұстанулары керек. 2. Балаларға тамақ арасында бутерброд пен тәттілерді беруге болмайды. Осы тағамдар, баланың асқорыту жүйесінің қалыпты жұмысын бұзып, тәбетін қаштырады. 3. Отбасындағы дұрыс тамақтану тәртібі – баланың бақша

Тыңдалды: Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері М.Ахмедиева сөз алды. Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда мақсатқа жетуде, нәтижесі мазмұнды болу үшін, бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де, бәсекеге қабілетті, білімді де ширақ, жігерлі ұрпақ жетілдіруде көп жұмыстар, көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар, ұнтаспалар қажет. Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек. Өз білімін үнемі ізденіп, жаңашыл болуға әректенуіміз қажет. Дамытушы орталар мазмұны, құралдары жаңартылып, толықтыруды, жаз бойы ізденуге шақырамын. Ғаламторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен, іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек, аудан, облыс озық тәжірибелерін, баспасөз құралдарын пайдаланайық. Қызықты ойындар топтап, әрбір күні- іс әрекет мағыналы өтуін қарастырып, балаларға жаз бойы көтеріңкі көңіл күй, шаттық, қуаныш сыйлайық.

Тыңдалды: Жазғы маусымда өтетеін жөндеу жұмыстарына балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева тоқталып өтті. Балабақша ғимаратының қажетті жерлерін ақтап, сырланып күрделі жөндеу жасап біткенін алдағы уақытта таза

ұстауға шақыратынын алға тартты.Құралдардың сынған жерлерін реттеп, жөндеулеріңізді тапсырамын. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін бұзбай, балалардың және өздеріңіздің өмір қауіпсіздіктеріңізді сақтауға міндеттісіздер.Балабақшаның, ауланың тазалығын сақтау, мүліктерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

Тыңдалды : № 1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі М.Ахмедиева сөз алды, күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді.Жалпы балабақша ұжымы «Таным» дағдысы және «Денсаулық» дағдысы мақсат етіп алып жұмыс жүргізуді жалғастырамыз дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
3. Жаңа оқу жылына дайындықтар жүргізілсін.
4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.

Кеңес төрайымы:
Хатшы:



М.Ахмедиева
Г.Санаева